



# UNAILY ЕКЕН

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ  
корпоративті басылымы

№ 8 (472)

28/04/2018



Ақсәуір 2005 жылдың  
29 желтоқсанынан шыға бастады



## Бүгінгі сандар:



6

Бірлігі жарасқан  
бригада

## «МҰНАЙ ӨНДІРУ ПРОЦЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ» ФОРУМЫ

«Атугаи Oil & Gaz 2018» халықаралық көрмесі аясында «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде Компанияның бастамасымен және ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен мұнай-газ саласына цифрлы технологияларды енгізудің өзекті мәселелеріне арналған форум өтті. Форумға салалық министрліктер өкілдері, ірі мұнай-газ компанияларының басшылары мен қызметкерлері, халықаралық сарапшылар және IT саласында қызмет көрсететін

компаниялардың өкілдері, жалпы алғанда 200-ден астам делегат қатысты. Қонақтар алдымен Ембі мұражайында болып, сонан кейін Визуализация орталығының жұмысымен танысты.

Шараның модераторы болған «Ембімұнайгаз» АҚ Келешекті дамыту жөніндегі басқарушы директоры Алихан Байдүйсенов бұл басқосудың Ембі үшін ғана емес, жалпы мұнайгаз өндіруші компаниялар мен IT технологияны қолданушы кәсіпорындар үшін маңызы жоғары екендігін атап өтті.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған еліміздегі цифрландыруға қатысты мәселелерді жедел қолға алу бүгінгі күні кезек күттірмейтін шара екені даусыз. Соған орай, форум барысында көптеген баяндамашылар өздерінің ой-пікірлерін айтып, ұсыныстарын білдірді.

2-бетте >>

## «EDUCATION DAY» «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» КОМПАНИЯСЫНДА ӨТТІ



**ITS**  
In-house  
trainer school  
Invest to Success

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Ішкі тренерлері ITS жобасы аясында Қызылорда қаласында «Қазгермұнай» БК» ЖШС қызметкерлеріне арналған тренинг-шеберлік кластарын өткізді. Шараның ашылуында «Қазгермұнай» БК» ЖШС Бас директорының адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары Ботагөз Әшірбекова қатысушыларға және ҚМГ БӨ ішкі тренерлеріне арналған игі тілегін айтып, шараның сәтті өтуіне жылы лебізін білдірді. «Қазгермұнай» БК» компаниясының 25 жылдық белесінде өтіп отырған шараның кәсіпорын қызметкерлері үшін маңызы зор екендігі айрықша аталды.

4-5-бетте >>



7

Мұнайшы ардагер –  
95 жаста!



8

Ішкі коммуникация





## 1- Бетте



**Әнуар Жақсыбеков,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы:

– Құрметті форумға қатысушылар! Ғасырдан астам тарихы бар қарт Ембінің шаңырағына қош келдіңіздер. Алдымен, осы форумды өткізуге қолдау білдірген ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, ҚР Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-на алғысымды білдіремін. Қазіргі таңда ірі мұнай компанияларының барлығында дерлік интеллектуалды кен алаңы тұжырымдамасын әзірлеп, енгізумен айналысатын бөлімшелер бар. Мәселен, «Ақылды кен орындары» («Smart Fields») Shell компаниясы, «Болашақ кен орны» («Field of the Future») BP компаниясы, Chevron компаниясының «iFields» т.б. Жалпы алғанда, әлемдік мұнай-газ саласы интеллектуалды кен алаңдарын құруға алдағы 5 жылда ауқымды қаражат жұмсауды жоспарлап отыр. Сондықтан, біз мемлекет пен бизнес, IT саласында қызмет көрсететін компаниялар мен мұнай компанияларының арасында ашық та сапалы пікір алмасу алаңдарын қалыптастыру, мұнай өндіру саласындағы озық цифрлық технологияларды таныстыру мақсатында аталған форумды ұйымдастыруды жөн санадық. Өздеріңіз білетіндей, «Ембімұнайгаз» АҚ 2016 жылдың ақпан айынан бастап «Қайнармұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасына қарасты Уаз кен орнында «Цифрлық кен орны» пилотты жобасын бастады. Ембінің «Цифрлық кен орны» жобасы Елбасының қатысуымен өткен экономиканы цифрландыру жөніндегі кеңейтілген кеңесінде ұсынылып, «Цифрлық Қазақстан» республикалық бағдарламасына енгізілді. Ал, 2017 жылы «Ембімұнайгаз» Жобасы ІХ бүкілресейлік «Мұнайгаз саласындағы 10 үздік IT-жоба» конкурсында үздік деп танылды. Біз

басқа да мұнайгаз өндіру компанияларының цифрландыру тәжірибесін үйренуге дайынбыз. Сонымен қатар, IT компаниялардың жаңа технологиялары туралы естиміз ден ойлаймын. Форум бәрімізге де қай жағынан да пайдалы болады ден сенеміз.



**Болат Ақшолоқов,**  
ҚР Энергетика вице-министрі:

– Елбасының тапсырмасына сәйкес, индустрияландыру шеңберінде ең жаңа цифрлық, өнеркәсіптік және басқару технологияларын тарту қажет. Ресурстық әлеуеттің одан әрі дамуы өндірістің энергиялық тиімділігі, сондай-ақ шығарылатын ресурстардың үлесі мен оларды қайта өңдеу тереңдігін арттыру есебінен мүмкін болады. Қазіргі уақытта бүкіл дүниежүзі бойынша мұнай және газ индустриясының компаниялары әр түрлі қызмет түрлерінің қауіпсіздігін, экологиялықлығы мен үнемділігін жақсартатын техникалық, цифрлық сипаттағы инновацияларды енгізіп жатыр. Мысалы, бірқатар жетекші мұнай компаниялары «Интеллектуалды кен орны» жобасын пайдалануды таратуға кірісті, мұнай құбырларының инспекциясы үшін пилотсыз ұшу аппараттарын, суға тұрақты сүңгу, қымбат көлік құралдарын жұмылдыруды талап ететін суасты жүйелерін техникалық жөндеу мен қызмет көрсетуді орындау үшін батареядан қоректенетін роботтарды пайдаланады. ҚР Энергетика министрлігі квазимемлекеттік сектор компанияларымен бірлесе отырып «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына 4 мұнай-газ жобасын енгізді. Олар, мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесін құру; «ПМХЗ» ЖШС, «АтМӨЗ» ЖШС автоматтандырылған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін енгізу («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ); «Цифрлық (интеллектуалды) кен орны» («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ); «ҚР жер қойнауын пайдаланудың біріңғай мемлекеттік жүйесі»

біріңғай ақпараттық жүйесін дамыту – «Кен орындардың онлайн-аукционы» шағын жүйесі. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да жүзеге асырылып жатқан «Цифрлық (интеллектуалды) кен орны» жобасы және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ автоматтандырылған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін енгізу «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шаралары тізіміне енгізілді және мұнайгаз саласының басты бағыты болып табылады. Бүгінгі форум да «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына ықпал етеді.



**Талғат Махамбетов,**  
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ақпараттық технологиялар және ТПАБЖ департаментінің директоры:

– «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өндіруші активтерінде «Цифрлық (интеллектуалды) кен орны» жобасы енгізілуде. Жобаны енгізу толық түрде кеніш мәліметтерін автоматтандыру жүйесін құруға, ұңғымалар мен кеніш жабдықтарын интеллектуалды технологияларды қолдану есебінен оңтайландыру, кен орнын игеруді онлайн режимде бақылау, талдау, жоспарлау және мониторинг жүргізуге ықпалдастырады. «Интеллектуалды кен орны» жобасының негізгі мақсаты – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өндіруші активтерінде өндірісті басқарудың қазіргі заманғы кешенді жүйесін құру. Бүгінде Ембіде жобаны Прорва тобы кен орындарында кеңейту; Өзенде ГУ және ЦДНГ желісінің оперативті есебін алуды қайта жаңарту; Қазгермұнайда кен орындарын автоматтандырылған жүйеде бақылау және басқару, Қаражанбасмұнайда мұнай айдау цехтарында сұйықтық балансын есепке алудың автоматтандыру жүйесі орындалуда. «ҚМГ БӨ» АҚ-да 2017 жылы Талдау және шешім қабылдау Орталығы құрылып, ол барлық өндірістік ақпаратты онлайн режимде

қамтамасыз ететін аудио-видео жабдықтармен қамтамасыз етілген. «Интеллектуалды кен орын» жобасының периметрі «ҚМГ БӨ» АҚ-ның басым кен орындарынан алынатын мұнайгаз қорының 90%-нан астамын қамтиды.



**Болат Нысанбаев,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технология департаменті директоры:

– 2016 жылғы ақпан айында ЕМГ базасында Уаз кең алаңында «Цифрлық кен орын» пилотты жобасы іске қосылып, өз тиімділігін дәлелдеді. Электр энергиясын қолдану 35 пайызға азайды. Ұңғымалар қорын пайдалану коэффициентін көбейту арқылы қосымша 1360 тонна мұнай өндіру қамтамасыз етілді. Жерасты жөндеу жұмыстарының көлемі азайып, әр ұңғымадағы мұнай өндіру есебі бірыңғайланды. Жинақталған тәжірибеге орай «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобына тарату мақсатында барлық қор және мұнай мен газ өндірудің 80 пайызға жуығы кіретін бірқатар негізгі кең алаңдары іріктелді. 2017 жылы ЕМГ-да «Цифрлық кен орын» тұжырымдамасы Прорва кен алаңдары тобына да таратылып, биылғы жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Жаңаталап кен орнына енгізілуде.

Форум барысында қатысушы делегаттарға 11 баяндама оқылды. Оның ішінде, 8-і – «Microsoft», «IBM», «Schlumberger» және «Rockwell Automation» сынды компаниялардан келген халықаралық сарапшылар дайындаған жұмыстар. Цифрландыру жүйесінің келешектегі мәселелері, қауіптер және басқа да туындаған сауалдар Энергетика вице-министрі Б.Ақшолоқовтың, халықаралық сарапшылардың, ірі мұнай-газ және сервистік компаниялар басшыларының қатысуымен пікір алмасу алаңында кеңінен талқыланды.



## ҚМГ БӨ 1-ТОҚСАНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ осы жылдың бірінші тоқсанындағы операциялық нәтижелерін жариялады.**

ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ және «ПетроҚазақстан Инк.» үлестерін қоса алғанда, 2018 жылдың бірінші тоқсанында 2 898 мың тонна мұнай өндірді. Бұл 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда бірдей деңгейде болып тұр.

2018 жылдың бірінші тоқсанында «Өзенмұнайгаз» АҚ 1 350 мың тонна мұнай өндірді, бұл 2017 жылдың 1-ші

тоқсанындағы көрсеткіштерден 1%-ға жоғары. «Ембімұнайгаз» АҚ 695 мың тонна өндірді. Бұл 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1%-ға көп. Нәтижесінде, ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіру көлемі 2 046 мың тоннаны құрады, бұл 2017 жылдың 1-ші тоқсанымен салыстырғанда 1%-ға артық.

ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының өндіруіндегі ҚМГ БӨ үлесі 2018 жылдың бірінші тоқсанында 852 мың тоннаны құрап, 2017 жылдың 1-ші тоқсанына қарағанда 3%-ға кем түсті, бұл негізінен ПҚИ және ҚГМ-дағы мұнай өндіру деңгейінің табиғи жолмен азаюына байланысты.

Шикі мұнайды жеткізу және мұнай өнімдерін сату жағдайына келсек, ӨМГ

және ЕМГ-нің шикі мұнайды сатуы 2018 жылдың 1-ші тоқсанында 2 002 мың тоннаны құрады. Оның ішінде 1 265 мың тонна шикі мұнай экспортқа және 737 мың тонна ішкі нарыққа шығарылды. Бұл жалпы сату көлемінің 37%-ын құрайды. Компанияның ішкі нарыққа шикі мұнай жеткізілімдерінің үлесі 2017 жылдың осындай кезеңінде 34%-ды құрады.

ӨМГ және ЕМГ 2018 жылдың бірінші тоқсанында ішкі нарыққа жөнелткен 737 мың тонна шикі мұнайдың 535 мың тоннасы Атырау мұнай өңдеу зауытына және 202 мың тоннасы Павлодар мұнай-химия зауытына жеткізілді.

Мұнайдың дербес процессінгі схемасына сәйкес 2018 жылдың бірінші тоқсанында мұнай өнімдерін сату 669 мың тонна мұнай өнімдерін құрады. Бұл 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5%-ға көп.

Ал, ССЕЛ, ҚГМ және ПҚИ компанияларының сату көлеміндегі ҚМГ БӨ-ге тиесілі үлесі 834 мың тонна мұнайды құрады. Оның ішінде 318 мың тонна мұнай экспортқа және 515 мың тонна ішкі нарыққа шығарылды. Бұл компаниялардың жалпы сату көлемінің 62%-ын құрайды. 2017 жылдың осындай кезеңінде ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ ішкі нарыққа жалпы сату көлемінің 57%-ын жеткізді.





Белестерді бірге бағындырамыз!



# ДӘСТҮРЛІ ДУБЛЕР КҮНІ ӨТТІ

Сәуірдің 9-ы күні «ҚазМұнайГаз» Бар-лау Өндіру» АҚ Орталық аппаратында дәстүрлі «Дублер күні» өтті. Осымен үшінші жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан бұл шараға Компанияның 23 қызметкері қатысып, олар бір күнге құрылымдық бөлімшелердің басшыларын алмастырды.

Компанияның бас директоры тарапынан қолдау тапқан бұл бастаманы Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаменті ұйымдастырады. Жоба қызметкерлер үшін

Компанияның негізгі бизнес-процестерін басқаруға қатысуға, идеялар мен ұсыныстар беруге, өздерінің кәсіби шеберлігі мен басқару дағдыларын жаңа деңгейде көрсетуге, басқа құрылымдық бөлімшелердің жұмысымен танысуға беріліп отырған жақсы мүмкіндік. Сондай-ақ, «Дублер күні» әріптестер арасында өзара ынтымақтастықты нығайтуға, кадр әлеуетін дамытуға бағытталған.

Биылда жоба жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. «Дублер күні» болатыны туралы

хабарлама екі апта бұрын жарияланып, қатысу үшін өтінімдер қабылдана бастады. Өтінім берген мамандар өздері басшылық ететін департаменттерді таңдап алды. Алғашқы жылы «Дублер күні» шарасы жас мамандар ғана қатысатын жастар саясаты шеңберінде ұйымдастырылатын болған. Соңғы екі жылда бұл жобаға ересек қызметкерлер де қатысуға ниет білдірді.

Аталған шара дублерлер үшін сәтті өтті. Олар өздеріне тапсырылған міндетті

ойдағыдай атқарып, өз кәсіби тәжірибелері мен басқару қабілеттерін көрсете алды. Жалпы, бұл маңызды әрі қызықты күн болды.

Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Эльмира Каримова: «Үш жылда жобаға 80 адам қатысып, «Дублер күні» шарасынан кейінгі жылдар ішінде 33 қызметкердің лауазымы көтерілді. Келешекте бұл жобаны Компанияның еншілес кәсіпорындарына таратуға болатынын» атап айтты.

## «ДУБЛЕР» МАМАНДАР ӨЗ ОЙ-ПІКІРЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ:



**Жігер ЖАҚАШЕВ**

Ақпараттық технологиялар және ТПАБЖ департаментінің аға инженері:

«Дублер күні» шарасында Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департамент директоры лауазымын атқаруға өтініш бердім. Бұл сала қызметінің маңызы мен ерекшеліктері қызықтырды.

«Дублер күні» мен үшін пайдалы және сабақ алатын қызықты оқиғаларға толы өтті. Жұмыс күні шағын жиналыстан басталды. Департамент қызметкерлері күн тәртібінде тұрған мәселелер бойынша мағлұмат беріп, департамент жұмысының барысымен таныстырды. Қызметкерлер мені жылы қарсы алып, дублер болсам да департамент директоры сияқты қабылдады. Жұмыс барысы бойынша қызу талқылаулар жүріп, өзара пікір алмастық. Сонымен қатар, тәуелді және

еншілес мекемелердің қызметкерлерді басқару бөлімінің басшыларымен телефон арқылы хабарласып, жұмыс барысында қарым-қатынас жасап отырдық. Еңбек кодексінің нормалары және осы саладағы заңдардан іс барысында біраз хабардар болып, таныстым.

Жалпы айтқанда, «Дублер күні» шарасы маған ұнады және оған қатысқанымға қуаныштымын».



**Нүрзада ҮСІПБЕКОВА**

Логистика және сатып алу департаментінің жетекші маманы:

«Дублер күні» жобасына мен екінші рет қатыстым. Бұл жолы Техника қауіпсіздігі, еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментін таңдап алдым. Өйткені, мені қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласы қызықтырады, сол жөнінде көбірек мәлімет алып, білгім

келеді. Алайда, сол күні департамент қызметкерлерінің көпшілігі ҚМГ компаниялары тобы үшін ұйымдастырылған семинарға қатысқандықтан, өз ойымды толықтай іске асыра алмадым. Дегенмен, қай жағынан қарасаңыз да, мұндай тәжірибенің маңызы зор: басқа деңгейде кәсіби шыңдаламыз, ішкі коммуникациялар, адами қарым-қатынастар нығая түседі.

Ұсыныс ретінде айтайын дегенім, бұл жоба 2-3 күнге созылғанда, дублер маман бірінші күні берген тапсырманың орындалуын бақылап, басшы ретіндегі жұмыстың нәтижесін көруге мүмкіндік алады.



**Айгүл ТОҚБЕРГЕН**

Кеңсенің ассистент-аудармашысы:

«Дублер күніне» алғашқы рет қатыстым. Өзім жұмыс істейтін құрылымдық

бөлімшеде Кеңсе меңгерушісінің міндетін атқардым. Бұл қызметті іске асыруда қандай да бір қиындықтарға кезіктім немесе мұндай тәжірибе маған небір жаңалығымен қызықты болды деп айта алмаймын, оның бірнеше себебі бар. Өйткені, өзім осы салада көптен бері жұмыс істеймін. Еңбек ететін құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері мен олардың атқаратын міндеттерінің аясын, бөлімшенің жұмыс түрін, ерекшеліктерін, бағытын, Компаниядағы орнын, рөлін жақсы білемін. Кеңсе меңгерушісі себепті жағдаймен жоқ болған кезінде жұмыс барысында туындаған қандай да болсын мәселелер мен сұрақтарды шешуде кеңсе қызметкерлерінің біліктілігі мен өзара іскерлік ынтымағының берік екендігін атап айтқан жөн.

Жалпы, дүниежүзінде үздік саналатын Жапондық менеджменттің басты ұстанымы – кадрларды алмастыру болып табылады. Сондай-ақ, пайдасы көп тәжірибелерді ірі компанияларда қолдануды табыстылық көздерінің бірі деп білемін.

Мәселен, өз басым «бастық» болған бір күнімнің өзінде «орындаушы» ретінде басшының өз қызметкерлерінен не күтетінін, оған қоса жеке жауаптылықты бұрынғыдан да терең түсіндім.

Қоғам басшылығына қызметкерлер үшін осындай жауапты да, қызықты тәжірибеден өтуге мүмкіндік бергендері үшін алғысымды білдіремін.







## «1-бөлем»

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаментінің директоры Эльмира Каримова «Education Day» шарасына қатысушыларға сәттілік тілеп, ITS жобасы туралы айтып берді. «Бүгінгі күні біз Өздеріңізбен бірге білім мейрамын өткізу мақсатымен келіп отырмыз. Жаңа білім алып, жаңа таныстықтар, қызықты әсерлерге толы күн болады.

«Education Day» шарасы осымен екінші рет өтуде. Алғашқы рет Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне арнап өткіздік. ITS – бұл жаңа жоба. Ол 2016 жылдың соңында іске қосылды. ITS – бұл өзін өзі дамытқысы келетін және кәсіби білімі мен жинаған тәжірибесін бөлісуге дайын әріптестерімізге арналған жоба. Біз алдымен орталық аппарат деңгейінде жобаны іске асырамыз. Қызықты әрі сәтті өткен жобаны сосын еншілес кәсіпорындарымыздың қатысуы үшін ұсынамыз. ITS жобасына қатысуға тілек білдіргендер сенбі, жексенбі демалыс күндері, жұмыстан тыс уақыттарының барлығын тренинг-семинарларға арнады. Тапсырмалар алып, емтихандар тапсырды. Жобаға тілек білдіргендердің барлығы қабылданды. Басында 38 қатысушы болды. Қазіргі уақытта 24 адам қалды. Бұл жоба көп күш, энергияны, өз уақытыңды қажет етеді. Кейбір әріптестеріміз еншілес кәсіпорындарға қызметке ауысты. Сондықтан жобаға соңына дейін қатыса алмады. ITS-ке HR тарапынан басшылық етсем де, өзім де осы жобаға қатысып, әріптестеріммен бірге оқып, сынақтар тапсырдым. Әлі де білімді толықтырудамын. Жоба қатысушылары ақ, көк, қара, триколор сияқты түрлі деңгейден өтуі қажет. Өткізген тренингтері бойынша қатысушылармен және жобаның сыртқы үйлестірушісі, бизнес-тренер Ильдар Валиуловпен супервизия жүргізіледі. Бүгінгі формат Сіздердің көңілдеріңізден шықса, біз алдағы уақытта осындай жобаны өткізуге дайынбыз. ITS жобасы танымал болуы үшін өзіне тән стилін жасадық, корпоративтік түс берілді. Біз өз әріптестеріміздің бір-біріне кәсіпорындарға барып осындай білім шараларын, семинар, тренинг, шеберлік кластарын өткізгенін қалаймыз. Жаңа білім, тәжірибе ешқашан артық болмайды. ҚМГ БӨ компаниялар тобында 26 мың адам еңбек етеді. Бұл тренерлер үшін үлкен алаң деуге болады. ЕМГ, ӨМГ, ҚТМ, ҚБМ немесе сервистік компаниялардың қайсысында еңбек етсеңіз де, егер Сіздер кәсіби тәжірибе, білімдеріңізбен бөлісуге ниетті болсаңыздар ҚМГ БӨ аясында аудиторияны жинап қажетті жағдайды жасауға дайынбыз. Сіздерді осы жобаға шақырамыз» деді ҚМГ БӨ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаментінің директоры Эльмира Каримова.

Өз кезегінде бизнес-тренер Ильдар Валиулов ITS жобасының ерекшеліктеріне тоқталды. «Тренерлік шеберлік дағдыларына үйренген әріптестеріңіз сосын тренер ретінде Сіздерді оқытады. Тренингтерден соң супервизия өткіздік. Ол да тренерлердің өсуіне көмектеседі. Тренер қызметкерлерді оқытады. Сондықтан ол бағдарламалар дайындау әдістемесін, сондай-ақ күрделі қатысушымен жұмыс істеуді білуі керек. Ішкі тренерлер бұл бағыттағы, сонымен бірге камера алдында жұмыс істеу, басқа да оқыту шараларынан өтті. Тренер бұл жан жақты адам. Сондықтан олар үлкен дайындық жолынан өтті. Бұл іспен кешеден бастап айналысқан жоқ. Олар Сіздердің әріптестеріңіз және тренер. Ішкі тренер қосымша функция. Барлығыңызға сәттілік тілеймін» деді Ильдар Валиулов.

Шарада ҚМГ БӨ ішкі тренери Алмас Сәрсенаев барлық қатысушыларға арнап «Өзіңді қалай ынталандыруға болады?» тақырыбында шеберлік класын өткізді. Қатысушылар жаттығу ойындарына да белсенді қатысып, өзара қызу жарысты.

«Education Day» (білім күні) шарасы аясында ҚМГ БӨ 8 ішкі тренери 8 тақырыпта, атап айтқанда: Алтынай Қонысбаева «Қаржыгерден лайфхактар», Жігер Жақашев «Өлшеу құралдары Цифрлық өндірістің ажырамас бөлігі», Алмас Сәрсенаев «Сатып алу кампаниясы, қателіктермен жұмыс», Айдын Ақан «Сатып алуды білсем, Қырымда тұрар едім», Жұмағұл Темірғали «Әлеуметтік желіде әдеп сақтаңыз», Ернұр Сәбікенұлы «Өзіңнен баста», Дәурен Алшурин «Командада жұмыс істеу», Әлия Әлжігітова «Корпоративтік басқарудағы жобалық тәсілдің элементтері» тақырыптарында тренинг-шеберлік кластарын өткізді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС қызметкерлеріне арналған «Education Day» шарасы бизнес-тренер Ильдар Валиуловтың «Жеке тиімділіктің психологиялық аспектілері» тақырыбындағы тренингімен тәмамдалды. «Қазгермұнай» БК» ЖШС Бас директорының адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары Ботагөз Әшірбекова аталған Компания басшылығының және жеке өз атынан ҚМГ БӨ ішкі тренерлерін ұйымдастырып бастап келген ҚМГ БӨ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаментінің директоры Эльмира Каримоваға және барлық ITS ішкі тренерлеріне үлкен алғысын білдірді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры Жэнь Лисинь атынан Алғыс хат, қазақ қол өнер шеберлері қолынан шыққан естелік сувенирлерді табыстады. «Қазгермұнай» БК ЖШС қызметкерлері ҚМГ БӨ ішкі тренерлерін, өз әріптестерін өте жылы көңіл күймен қарсы алып, шараға қуанышпен қатысқанын атап айтқан жөн.



## «5-бөлем»





## 4-бемме

# ПІКІРЛЕР:

**Қуат Нұрғожаев,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Мен Қазынашылық бөлім бастығы болып жұмыс істеймін. Қызылорда қаласында «ҚМГ» БӨ компаниясы ішкі тренерлері өткізген «Education Day» шарасы қызықты және пайдалы болды. Маған Алтынай Қонысбаева өткізген «Қаржыгерден лайфхактар» тақырыбындағы тренинг өте ұнады. Шара барысында өзара пікір алмастық. Осындай бағдарламаларда адам ашылады, іштегі ойларын айтады. Әрине, оның барлығы тренерге де байланысты. Аудиториямен жақсы байланыс болып жатса, онда қатысушылар да белсенді болады. Менің ойымша келген тренерлер аудитория көңілінен шықты. Көп мәселе талқыланды. Ұйымдастырушыларға рахмет.

**Салтанат Байділдаева,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Қаржы департаментінде, бухгалтерия бөлімінде жұмыс істеймін. Бұл семинар бізге

өте пайдалы болды деп ойлаймын. Мен Әлия Әлжігітованың «Корпоративтік басқарудағы жобалық тәсілдің элементтері» шеберлік класына қатыстым. Корпоративтік басқару түсінігі маған көп мағлұмат берді. Корпоративтік басқару саласы өз шағын қызмет аумағында жұмыс істеп отырған мамандарға атқарып отырған жұмыстарының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

**Алтынхан Исакова,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Әлеуметтік саясат департаментінде жетекші маман болып істеймін. Алтынай Қонысбаеваның семинарына қатыстым, өте маңызды болды. Қазіргі күні кездесетін өзекті тақырыптар, әрбір отбасында болатын жағдайлар қозғалды. Әрбір қатысушы өзіне ой тұжырымдады деп ойлаймын. Ал, екінші қатысқаным, Ернұр Сәбікенұлының «Өзіңнен баста» тренингі негізінен ер адамдарға бағытталған. Дегенмен, әйелдерге де өте пайдалы болды деп ойлаймын. Маған өте ұнады. Басқаларына да қатысқым келді. Бірақ уақыт жетпеді. Мұндай семинарлар керек. Адамдарды көптеп қатыстыру керек деп ойлаймын.



**Айбек Алжиков,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Мен Ақсай кен орнында мұнай газ өндіру участогында оператор болып істеймін. Жұмағұл Темірғалидің «Әлеуметтік желіде әдеп сақтаңыз» шеберлік класы, презентациясы ұнады. Өзіме көптеген жаңалықтар аштым. Заңдар қалай жұмыс істейді. Әлеуметтік желіде адам өзін өзі қалай ұстауы керек. Пікірлер, жазбалар жазудағы жауапкершіліктер. Елімізде қандай заңдар қабылданғанын, соңғы өзгерістер бәрін көріп, үйрендім. Өзіме біраз нәрсе алдым. Өз өмірімде де әлеуметтік желіне қолданғанда осы тренингте алған ақпараттарды ескеремін. Есіме сақтап пайдаланамын. Маған өте пайдалы болды. «Education Day» өте қажет шара. Қаржы жағынан да сабақ оқыдық. Оның да пайдасы зор болды. Адам өміріндегі қаржысын қалай бақылау керек. Қалай жұмсау керек. Пайдасы тиіп жатыр. Ұйымдастырушыларға көптеп көп рахмет. ҚМГ БӨ мекемесіне алғыс айтқымыз келеді.

**Алжан Жармұхамедов,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Әлеуметтік саясат және шаруашылық қамтамасыз ету департаментінің жетекші маманы болып жұмыс істеймін. Тренингтердің барлығы жоғары деңгейде өтті. Қызықты әрі пайдалы болды. Ішіміз пысатындай уақыт болмады. Тренингтер жаңа форматта өтті. Біз өте ризамыз. Тек бір айтарым, осындай семинар, тренингтер мейлінше көп болса екен. Бір емес үш күн қатарынан өтіп жатса тіптен жақсы болар еді. Өте тамаша, бәрі ұнады. Жан-жақты кәсіби тұрғыдан өсуімізге пайдасы зор. Сондай-ақ, алға ұмтылуға серпін береді. Біліміңді толықтыру қашан да тек пайдасын тигізеді.

**Болат Адилев,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Тренингтер өте керемет өтті. Барлық тақырыптар өзекті және өте ұнады. Өзім қатысқан Ернұр Сәбікенұлының «Өзіңнен баста» тренингі мені ынталандырды. Жақында өзім де спортпен қызығып шұғылдана бастаған едім. Сондықтан мені одан әрі алға тартты.



Осындай тренингтерді жиі өткізіп тұрса жақсы болар еді. Өзім әлеуметтік саясат және шаруашылық қамтамасыз ету департаментінде жұмыс істеймін. Барлық тренинг пайдалы болды. Ұйымдастырушыларға рахмет.

**Сара Оразбақова,**  
«Қазгермұнай» БК» ЖШС:

– Мен күрделі құрылыс департаментінде жұмыс істеймін. Бүгін өзгеше күн болды. «Education Day» шарасы үлкен әсер қалдырды. Әрбір адам өзінің алдағы өмірінде ой-мақсатын іске асырып одан әрі де дамуды қалайды. Күндегісін қайталанатын істен жалығатын сәттер болады. Тренер болу туралы көптен ойымда жүрген. Өзімді тренер ретінде сынап көргім келеді. Адамды тұлға ретінде зерттеу, өзіңді дамыту, психологиялық тренингтер ұнайды. Қаржымен байланысты тренингтер де қызықтырады. ҚМГ БӨ қызметкерлерінің тренер ретінде келіп оқыту жүргізгені маған ой салды. Қандай да салада оқыту жүргізу үшін алдымен өзіңе оқу керек, сосын барып мақсатқа жетуді іске асырасың. Шараны ұйымдастырушыларға рахметімді айтамын.

Мақалаға «Education Day» шарасынан суреттер берілді

# АТЫРАУДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МҰНАЙ-ГАЗ КӨРМЕСІ ӨТТІ

2018 жылдың 10-12 сәуір аралығында Атыраудағы «Көрме орталығында» Солтүстік-Каспий аймақтық «Atyrau Oil & Gaz 2018» халықаралық көрмесі өтті. Көрменің өтуіне ҚР Энергетика министрлігі, Атырау облысының әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, KAZSERVICE сервистік компаниялар одағы мен қатысушы елдердің дипломатиялық миссиялары ресми қолдау көрсетті, ұйымдастырушылары – Itesa (Қазақстан) және ITE Group Plc (Ұлыбритания) көрме компаниялары болды.

Биыл 25 жылдығын атап өтетін «Теңішевройл» компаниясы, «Ембімұнайгаз» АҚ, Каспий құбыр жүргізу Консорциумы, NCOC көрменің негізгі серіктестері болып, көрмеге өздерінің жұмыс бағытын көрсететін экспозицияларын қойды. Бұл жолы «Ембімұнайгаз» АҚ көрменің Алтын серіктесі бола отырып, «Мұнай өндіру ісіндегі цифрландыру» форумын өткізді. Көрмеге қатысушылардың географиясына келсек, Австрия, Ұлыбритания, Түркия, Ресей, Беларусь, Әзірбайжан, Қазақстаннан 100-ден аса компания көрмеде өз өнімдерін, жұмыс бағыттарын көрсете алды.

– Көрменің негізгі мақсаты – мұнай-газ кешені кәсіпорындарын қолдау және дамыту, мұнай-газ саласына инновациялық технологиялар мен инвестициялар тарту. Мен көрме қатысушыларының өз қызметтеріне жаңа тұтынушылар табатынына сенімдімін. Мұндай алаңда кездесу кен орындарын және серіктестердің өзара қарым-қатынасын дамытуға, өз бизнесінің көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Көрме аясында қатысушылар пайдалы ақпарат алмасып, әр компанияның серіктестер ортасы кеңеймек. Қазіргі уақытта

облыста мыңнан аса шетелдік және отандық компаниялар еңбек етуде. Облысымыз 50 елмен әріптестік қарым-қатынаста еңбек етеді», – деді көрменің ашылуы салтанатында сөз сөйлеген Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев.

– Осындай маңызды шараның мұнай өндірісінің бастауы болған Атырау облысында өтуі қуанышты жағдай. Мұнай-газ саласы Қазақстан экономикасының локомотиві, сондықтан да біз оның одан әрі қарқынды дамуына мүдделіміз. Көрмеге көптеген елдер қатысады, олар жаңа әріптестік қатынас орнатып, алдағы уақыттағы жоспарларын нақтылауға мүмкіндік алып отыр, – деді ҚР Энергетика вице-министрі Болат Ақшопақов.

Расында да, бұл ауқымды шара қазақстандық мұнай-газ кәсіпорындарын қолдау мен дамыту және жаңа технологиялар мен инвестициялар тартуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Жалпы, жыл сайын көрмеге қатысушылар саны, соның ішінде қазақстандық компаниялар қатары көбейіп келеді. Сонымен қатар, отандық кәсіпкерлер іскерлік кездесу өткізіп, тиімді келіссөздер жүргізді. Биыл 110 компания



өкілдері қатысқан көрмеде мұнай-газ кен орындарын барлау және өндіру, тасымалдау, жаңа қондырғылар мен технологиялық жабдықтар, сервистік компанияларға арналған аса пайдалы жобалар бар. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі компаниялар үш күн бойына жергілікті кәсіпорындар мен мамандар үшін түрлі семинарлар, шеберлік сыныптарын өткізді.

Жыл сайын көрменің әлеуеті де артып келеді. Биылғы жылы экспозициялық алаңның 30 пайызға өскендігі байқалып, ол мұнайгаз және құрылыс саласы өкілдерінің белсенділігі артқандығын көрсетті. Көрмеге қатысушылар одан нәтижелі қорытынды шығатынына үлкен үміт артқаны белгілі, бұрынғы әріптестермен қатар жаңа серіктестікке жететіндігіне де сенім артты. Көрме мұнайгазды өндіру және қайта өңдеу, мұнайгаз жабдықтары, тасымалдау, мұнайгаз өнеркәсібіндегі дәнекерлеу, инжиниринг және консалтинг, геофизикалық қызметтер, қоршаған ортаны қорғау, т.б. салаларды қамтыды. Бұл

бағытта, әсіресе, ресейлік компаниялардың қызығушылығы көп болды. Көрмеге қойылған «Ембімұнайгаз» АҚ стендісін ұсынған мамандардың бірі Маралова Майя мен Кульчиев Азаматтың атап өткеніндей, өздерін таныстырып, тілдескен шетелдік және ресейлік компания өкілдерін қазандарды тазалау, экологиялық шараларды орындау, абаттандыру ісі, арнаулы техникалармен қамтамасыз ету, тасымалдау, Компания тендеріне қатысу мүмкіндігі, жалпы мұнайгаз тақырыбына қатысты басқа да көптеген мәселелер қызықтырған. Сонымен қатар, олар әріптестік қарым-қатынасқа қашан да дайын екендіктерін мәлімдеген.

Айта кетерлігі, облыс мұнай-газ көрмесімен «AtyrauBuild 2018» құрылыс және интерьерлік көрмесі де қатар өтті. Ол көрмеге 40-тан астам экспонат қатысты. Оның көп бөлігі – «Құрылыс», «Интерьер», «Жылу және Вентиляция», «Терезе, Есіктер және Қасбеттер», «Керамика және Тас», «Жол құрылысы», «Сылау-сырлау» бөлімдерін таныстыратын отандық компаниялар.





# БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН БРИГАДА

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №7 Скважиналарды жерасты жөндеу бригадасы қажырлы еңбектерімен өндірістің дамуына өз үлестерін қосып жүр. Бригада шебері Сансызбай Байдекешов әріптестерінің жұмысты ынтымақ-бірлікте жауапкершілікпен атқарып келе жатқандықтарын айтады. «Бригада ұжымы өте тату. Ұрыс жоқ жерде, тыныштық пен береке бар. Ұжымдағы әркім өз міндетін, өз ісін мұқият атқарып жатады. Саусақ сыртқа емес, ішке қарай бүгіледі ғой. Жұмысты өзара

бәтуаға, ымыраға келіп, түсінісіп жасағанға не жетсін!» – дейді бригада шебері.

Аталмыш бригада құрамында Қадырғали Жұмабаев, Серік Төлеев, Қуаныш Шақанов, Бекташ Балымбетов, Нұрлан Тұрсынов, Қуаныш Жайлыбаев, Қайрат Нәренов сияқты адал, абыройлы еңбек етіп жүрген мамандар жетерлік.

Қазақта «Тәңір әр құсқа құрт береді, бірақ оны ұясына салмайды» деген мәтел бар. Расында да табыс пен молшылықтың тек еңбектенген адамға келетіні дәлелдеуді қажет етпейді.



## ЕҢБЕК – ТАБЫС КӨЗІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасының әкімшілік-әлеуметтік қамту бөлімінде жұмыс істеп жүрген Күләш Төлесінованың әкесі марқұм Екібай Төлесінов те осы басқармада АЦН жүргізушісі болып жұмыс істеген болатын...

1992 жылы аталмыш басқармаға келген Күләш бастапқыда сылақшы, содан кейін зертханашы, кейін есепші болды. 2009 жылдан бері аталмыш бөлімде инженер болып жұмыс істейді. Жұмысы өзіне қатты ұнайтын Күләш өміріне дән риза. Жұмыстастарымен бір үйдің адамдарындай тату.

«Біздің еңбегіміз ортақ, бақытымыз –

бір. Компанияның дамуы, елдің өркендеуі, жердің гүлденуі – әлемнің әміршісі – еңбектің арқасында жүзеге асады. Жеміс еңбектен ғана өнеді, қиындық еңбектен ғана шегінеді» – дейді Күләш.

Бүгінде келін алып, қыз ұзатып отырған Күләш әріптесіміз еңбек табыс көзі екендігін айтады.

## «АДАЛ ЕҢБЕГІ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ»

«Өзенмұнайгаз» АҚ, Химияландыру және экология басқармасында мұнай жабдықтарын ингибиторлық қорғау цехында дозиметрист болып жұмыс жасайтын Нұржамал Маңғыбаева өз кәсібінің майталман маманы.

Осы басқармада 30 жылға жуық жұмыс істеп жүрген Нұржамал ақ адал терінді төксең, бәрі болатынын жақсы біледі. «Оқу да, тоқу да – еңбек. Еңбекқор жұрт ешқашан

жұтамайды. Халқы бай елдің мемлекеті де қуатты» – дейді ол.

Әкімшілік-әлеуметтік қамту бөлімінің инженері Майра Қаналиева «Біз еңбекті, Нұржамал сияқты еңбек адамын қырлауымыз, насихаттауымыз керек. Өз ісін мүлтіксіз орындап, жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтын еңбекқор жан мерейлі 50 жасқа толып отыр. Әріптесімізді туған күнімен құттықтай отырып, адал еңбегі үшін алғыс айтамыз» – дейді.



## ӨЗ КӘСІБІНІҢ ШЕБЕРІ

Қашан көрсең де қолы бос болмайды. Резеңке қолғапты киіп, үлкендеу қобдишаны көтеріп жүреді. Бұл – «Өзенэнергомұнай» басқармасы Өндірістік-энергетикалық қызмет №2 релелік қорғау және автоматтық қорғау цехының электр жөндеушісі Асхат Тасқараев. Қобдиша толы тоқтың құрал-жабдықтары. Жөндейтіні – істен шыққан өндіріске қажетті құрылғылар.

5-ші дәрежелі маман Асхатқа артылған жүк ауыр. Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау – басты назарда.

Оның қаупі мол электр жөндеушісі болып еңбек етіп келе жатқанына 7 жылдан асты. Арнаулы оқу орнын үздік тәмамдаған маман. Осы жұмысын атқара жүріп те ол үздіктер қатарынан көрініп жүр. Мұнайшылар арасында өтетін кәсіби шеберлік байқауына қатысып, жетістіктерге жетіп жүр.

Мұнай-газ өндірісіндегі аса қажетті мамандықтың бірін меңгеріп, оны тиісті дәрежесінде атқарып жүрген Асхат Тасқараев өндірістің дамуына өз үлесін қосып келеді.



## МҰНАЙШЫ АРДАГЕР – 95 ЖАСТА!

Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер мұнайшы Құрманбай Досымбетұлы ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдарында қолына қару алып, елді, жерді азат ету жолында алғаш майданға аттанғандардың бірі. Талғайраң орта мектебінің 7 класын бітірген соң тракторшылар курсына оқып жүрген ол 19 жасында соғысқа аттанып, Сталинград үшін шайқаста пулеметші болып, бірнеше рет жараланады. 1943 жылы желтоқсанда тағы да жарақат алып, снаряд жарқыншағы тізеден бастап жілігінің ортасын жарып өтеді. Туған жерге II топ мүгедегі болып балдақпен оралады. Кеудесіндегі «КСРО-ның «Құрмет белгісі», «1-дәрежелі Отан

соғысы» ордендері мен «Ерен еңбегі үшін» медалі ұмытылмас ерлік пен адал еңбектің айғағы. Құрманбай аға соғыстан аман-есен елге оралған соң, шаруашылықты қайта қалпына келтіру жұмыстарына белсене араласты. Маңғыстау «Газонефтеразведка» тресінде жұмыс жасап, Төбежік, Қараған түбек, Қаңғыбаба, Қызыл өзен, Еспелісай, Мыңкісі, Қошақтаңге, Жетібайда құрылымдық бұрғылау кен орындарында бұрғышы, бұрғылау шебері, ұңғымаларды зерттеу, сынау кеңсесінің бұрғышысы, 1969-1975 ж.ж. - Қарақия барлау экспедициясындағы Ералиев су қоймасының бастығы, 1975-1993 ж.ж. Балықшы барлау-бұрғылау

басқармасында цех бастығы, 1947-1969 ж.ж. – Новобогат, Қошқар, Майкөмген, Қарашұңгіл барлау крелиустық партияларында бұрғышы, бұрғылау шебері, кейін Гурьевтегі Бурпоселок атанып кеткен бұрғышылар кентінде (қазіргі Ақжар ауылы) тұрғынжайларды пайдалану телімінің бастығы болып қызмет атқарды. Сол жылдарда еліміздің мұнай-газ саласының дамуына, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына үлкен үлес қосты. Абыройлы еңбегі жерлестер тарапынан жоғары бағаланып, Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы Жетібай мен Новостройка ауылдық кеңестерінің депутаты болып сайланды. Ел сенімін адал, табысты еңбегімен атқара білді. Ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, бүгінде немере-шөбере қызығын қызықтауда.

Қарияны 95 жасқа толған мерей жасымен «Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматуллин құттықтап, мықты денсаулық пен берекелі қарттық тіледі. Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбековтың атынан Алғыс хат, сыйсияпат табыс етті. Құрметке ризашылығын білдірген дария кеуде, тау мүсін қарт батысын беріп, өткеннен емен-жарқын көңілде әңгімелер шертіп бір жасап қалды.



### «АЛҒАШҚЫЛАР»



## ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

«Мен мұнай саласындағы еңбек жолымды 1964 жылы 25 сәуірде «Узеннефть» мұнай-газ өндіру мекемесінен бастадым. Аталмыш мекеме директоры аты аңызға айналған мұнайшы Рахмет Өтесінов болатын. Кейін 1-кәсіпшілікке ауыстым. Осы жерде 6 жыл жұмыс жасаған соң, технологиялық транспорт басқармасына ауысып, 1970-1975 жылдар аралығында сол жерде экскаватор машинисі болып еңбек еттім. Мені 1975 жылы гаражға шақырды. Гараждың бастығы Қойлыбай Тұрақбаев деген жігіт болатын. Сол кезде гаражға 2 жапондық KOMATSU супер-ауыр бульдозері келді. Соның біреуіне мен отырдым, екіншісіне орыс жігіті отырды. Екеуімізді жаңа техникада жұмыс жасауымыз үшін Ресейдің Мәскеу, Тюмень қалаларына жіберіп екі жарым ай дайындық курсына жіберді. Курстың қабырғасында алған терең теориялық білімімді нақтылы еңбектегі мол тәжірибемен байыттым. Маңғаз Маңғыстаудан «қара алтын» табылып, құтты мекенге жан-жақтан ел ағыла бастаған кезде Қызылсайда бар болғаны екі-ақ барак болатын-ды. Оның жартысы кеңсе болса, жартысы біздерге арналған жатақхана болатын. Бұл 1965 жылдар еді. Қызылсайда автобуспен қатынаймыз. Жол жоқ, қыста көкала балшық. Автобустың қасында міндетті түрде трактор жүреді. Ол автобус батып қалған жағдайда, сүйреп шығарып жібереді. Жазда ала шаң. Ешнәрсені көріп болмайсың... Дәл осы жылы Жаңаөзен қаласының бүгінде «Бөкен» базары орналасқан жерге жазда 20 барак салынып, күзде біздер сол барактарға көшіп бардық. 1967 жылы бірінші шағын ауданының 6-үйінен 3-бөлмелі пәтер алып, қуаныштан бөркімді аспанға аттым. 1975 жылдан бері технологиялық транспорт басқармасында трактор айдап

жүріп, №3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасынан 2002 жылы зейнеткерлікке шықтым. Осы жылдар ішінде үш тракторды ауыстырып мініппін. Зейнеткерлікке шығып бара жатып, өзіме бекітілген жас маманға техниканың қыр-сырын бүге-шігесіне дейін үйретіп, тәлімгер болдым. Жастың өсуі – табиғат заңы», – дейді Жауымбай қария.

Жұмысқа деген жанашырлығы мен еңбекқорлығы арқасында Жәкең бірнеше марапаттарға ие болды. Нақтырақ айтатын болсақ, 1970 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен, 1974 жылы Миннефтепром және «Нефтехимгазпрофсоюз» Орталық Комитетінің 1973 жылғы социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. 1976-жылы адал еңбегі үшін Мұнай өнеркәсібі министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы Орталық комитетінің «Тоғызыншы бесжылдықтың бұрғылаушысы» белгісімен, 1981 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы жарлығының «Еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қазақ ұл туғанда қуанған. Қыз туғанда кейімеген. Ұлдың туысы артық, қыздың ырысы артық. Жауымбай ағаның отбасынан қызғалдақтай жайнап бірнеше қыз өсіп шықты. Зерек де зейінді болып өскен балапандарына ата-анасы жоғарғы білім алып беріп, оларды тәрбиелі етіп өсіреді. 50 жыл отасқан қосағынан айырылғанда Жәкең адамның бұ дүниеде қонақ екенін сезіп, өмір заңына «амалсыз» бағынып, өмірінде бетіне жел болып келмеген асыл жанның әзіз рухына дұға етіп, жанына иман тіледі. Әйтсе де, жан жарының орны бөлек екен, жетімсіреп қалды. Сөйлесер, ішті босатып, сырласар жартыңа

ешкім жетпейді екен...

Бүгінде ақсақал қыздарынан бірнеше жиен, жиеншар сүйіп отырған бақытты ата. Әсіресе, Ерланды атасы мен әжесі бауырына басып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай кенже баласы етіп мәпелеп өсірді. Тіпті келін алып қызықтады. Шөбере сүйді...

Бейнетсіз зейнет жоқ екендігін түсінетін Жәкең балалары мен жиендерін кішкентайынан еңбекке баулыды. Оларды «ақылды ойын» шахмат ойнауға үйретті. «Шахмат ойны адамды жылдам ойлауға, тез шешім қабылдауға баулиды» – дейді ол. Еңбекті сүйетін Жәкең қарап отыру дегенді білмейді. Үзілген ток болсын, жыртылған аяқ киім болсын, сынып қалған орындық болсын бәрін-бәрін өзі жөндеп, жамап-жасқап жарамды дүние етіп шығарады. Әсіресе, жас кезінен темір тұлпарға деген қызығушылығы ерекше. Сексеннің сеңгіріне шықса да, тың ақсақал күні бүгінге дейін өз көлігін өзі жүргізіп, өзі жөндеп, барам деген жеріне барып жүр. Ел игілігі үшін еңбек еткен ақсақалдың ары таза. Тыныш ұйықтайды. Өкініші жоқ. Өкпесі жоқ. Қызғанышы жоқ. Аллаға да, адамдарға да риза.

Жарты ғасырдан астам тарихы бар «Өзенмұнайгаз» АҚ-нан бүгінде мұнайшылардың тұтас бір буыны өсіп шықты. Өндіріске жаңа технологиялар енгізілді. Бүгінде компанияда еселі еңбек етіп, бақуатты ғұмыр кешіп жатқан әрбір жан Жауымбай Бажиков сияқты алғашқы кенорын игеруші ардагер-мұнайшылардың ерен еңбектеріне шексіз алғысын білдіріп, тағзым етеді. Арайлап атқан әрбір таңды қуанышпен қарсы алып отырған Жауымбай ақсақал еңесі биік қазақ елінің ертеңі бүгінгіден де нұрлы бола түсетініне сенеді.

**Бүкіл саналы ғұмырын Өзен кенорнының дамуы, гүлденуі, өсіп-өркендеуі жолына арнаған ардагер-мұнайшылар біздің қаламызда аз емес.**

Осындай қадірлі азаматтарымыздың қатарына Жауымбай Бажиковты жатқызуға болады. 1939 жылдың 25 қарашасында дүниеге келген Жәкең барлық алғашқы кенорын игерушілер сияқты бастапқыда Қызылсайда жертөледе тұрады. Қиын да қызыққа толы алыста қалған жастық шағын Жауымбай ақсақал сағынышпен еске алады...

### Фотомұрағат





# ІШКІ КОММУНИКАЦИЯ

## ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ҚАЖЕТ ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕСТЕР



Отбасыңыздан зайыбыңыз, балаларыңыз телефон соққанда немесе хат жолдағанда бірден жауап бересіз. «Неге іздеді деп білуге асығасыз және жауап беруді кейінге қалдырмайсыз». Әріптестің де хат-хабарламасына кешіктірмей жауап берсеңіз екі жақты қарым-қатынас нығая түседі.



Хатқа жауап беруге қолыңыз тимей жатса, «Хатыңызды алдым. Сізге мынадай уақыт ішінде сұраған ақпаратыңызды жолдайын» деп жауап жолдасаңыз болады. Хат жіберуші тараптың реніші туындамайды.



«Рахмет» деген бір сөздің өзі жауап алушы тарапқа жылы әсер ететінін ұмытпаңыз. Бұл бір жағынан хаттың алушыға жеткенін де нақтылайды.

Хатқа жауап бермесеңіз, телефон тұтқасын көтермесеңіз және мұны бірнеше рет қайталасаңыз, ол адамның Сізге көңілі суып қалуы мүмкін. Коммуникация әлсірейді. Өзіңіз біреуге телефон соққанда жауап бермесе қандай көңіл күйде боласыз. Осыны ескеріңіз.



Телефонмен сөйлескенде адамның есімін әңгіме басында және қоштасқанда айтсаңыз, әріптесіңізге жылы әсер қалдырады.



Жақындарыңызды мерекемен, туған күнімен ұмытпай құттықтайсыз, жұмыстасыңызға да сондай ілтипат білдіріңіз. Мұндай сәтте ренжіп жүрген адам болса өкпесін ұмытады. «Жақсы сөз жан семіртеді».



# ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ

## АЛМАТЫ МАРАФОНЫНА ҚАТЫСТЫ

Сәуірдің 22 күні «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бір топ қызметкері Алматы қаласында өткен Қайырымдылық марафонына қатысты. Демалыс күндерін осындай ізгілікті шараға арнаған спорт сүйер қызметкерлер Ернұр Сәбікәнов пен Жігер Жақашев – 42 шақырым, Уәлихан Пірімбетов пен Иван Коротков – 21 шақырым

қашықтықты жүгіріп өтіп, меже сызығына жетті. Жыл сайын өтетін дәстүрлі марафонға еліміз бен әлем елдерінен келген мыңдаған әуесқой спортшылар белсене қатысады. Еңбекпен спортты қатар алып жүріп, қайырымдылық шараларынан тыс қылмайтын әріптестеріміз жетістіктерге жете берсін.



### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

### Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй, 15 қабат, 1509 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz  
Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz  
Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmgep.kz  
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz  
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz  
Қосұйым Мұқашев – K\_Mukashev@emg.kmgep.kz  
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz  
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: [munailymeken@kmgep.kz](mailto:munailymeken@kmgep.kz)

Газет айына 2 рет шығады,  
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
тел.: +7 (7132) 21 19 30